

Ф.Ә. Қамбарбекова<sup>1</sup> , Қ.А. Қари<sup>2</sup> 

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>2</sup>Жошы Ұлысын зерделеу ғылыми институты ҒЖБМ, Қазақстан, Астана қ.

\*e-mail: kazalem@mail.ru

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНАСЫ ПАРСЫ ТІЛІНДЕГІ ҚОЛЖАЗБАЛАР ҚОРЫНА ЖАЛПЫ ШОЛУ

Мақалада Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасы қолжазбалар қорында сақталған парсы тіліндегі қолжазбаларға жан-жақты шолу жасалды. Парсы тіліндегі қолжазбалардың Қазақстан жеріне тарауының қысқаша тарихы мен жергілікті халықтың парсы тіліндегі қолжазба әдебиеттерге сұранысының болуы нақты мысалдармен баяндалды. Оған басты себеп парсы тілі тек поэзияның тілі емес, ғылымның әсіресе тарихи шығармалардың тілі болғандығы. Орта ғасырлардан бастап түрлі тақырыптарда жазылған парсы тіліндегі қолжазбалар Орталық Азия елдеріне кең тарауы және жергілікті медреселерге оқулық ретінде пайдаланылғандығы осы сөздерге дәлел болады. Сондай-ақ ҚР Ұлттық кітапханасы қолжазбалар қорында сақталған парсы тіліндегі қолжазбалардың тақырыптық және мазмұндық ерекшеліктері де осы сөздерді қуаттай түседі. Сондай-ақ парсы тіліндегі әдеби, тарихи, философиялық, суфизм, сөздік, фикх, түрлі хикаялар мен әңгімелер Орталық Азия мен Қазақстан тіпті Қазан қаласына дейінгі аралықтағы медреселерде кеңес одағы құрылғанға дейін оқытылғаны сөз болады. Бұған дәлел ретінде ҚР Ұлттық кітапханасы қолжазбалар қорында сақталған парсы тілінде жазылған араб тілінің грамматикасы, Хафиз бен Бидилдің өлеңдер жинағының бірнеше нұсқада сақталғандығына жан-жақты талдау жасалды. Мақалада негізінен ҚР Ұлттық кітапханасы сирек қорында сақталған парсы тіліндегі қолжазбалардың саны емес мазмұны мен ғылыми маңыздылығына шолу жасалды. Зерттеу барасында парсы тіліндегі қолжазбалар үш топқа бөліп қарастырылды. Әр топқа жататын қолжазбалардың өзіндік ерекшеліктері мен зерттеу барысында туындайтын мәселелер де назардан тыс қалмады. Парсы тіліндегі қолжазбалардың хронологиясы мен осы қолжазбаларға тапсырыс берушілер, мөр, жазу, көшірушілер, көшірілген қаласы және көшірілген жылы мүмкін болғанша мақалада қамтылды.

**Түйін сөздер:** парсы қолжазбасы, классификация, медресе, оқулық, әдебиет, тарих, мұсылманша білім алу.

G. Kambarbekova<sup>1</sup>, K. Kari<sup>2\*</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>Scientific Institute for the Study of Ulus Juchi, Astana, Kazakhstan

\*e-mail: kazalem@mail.ru

### General overview of the collection of persian manuscripts of the National library of the Republic of Kazakhstan

In the article, it was examined a comprehensive overview of manuscripts in the Persian language, stored in the manuscript fund of the National Library of the Republic of Kazakhstan. A brief history of the distribution of Persian manuscripts in Kazakhstan and the needs of the local population for literature distributed in the form of Persian manuscripts were presented with specific examples. The main reason for this is that the Persian language was not only the language of poetry but also the language of science, especially historical works. These words are evidenced by the fact that since the Middle Ages Persian manuscripts written on various topics were widely distributed in the countries of Central Asia and were used as textbooks in local madrasas. Also, in favor of these words, the thematic and content features of manuscripts in the Persian language, stored in the manuscript fund of the National Library of the Republic of Kazakhstan, testify. It is also possible to say that literary, historical, philosophical, Sufi, dictionaries, manuscripts of fiqh, and various stories, and stories in the Persian language were taught in madrasas of Central Asia and Kazakhstan even before the formation of the Soviet Union. As evidence of this, the grammar of the Arabic language, written in the Persian language, and the collection of poems by Hafiz ben Bidil, preserved in several versions in the manuscript fund of the National Library of the Republic of Kazakhstan, are considered comprehensively. The article mainly deals with the content and scientific

significance of Persian manuscripts stored in the rare collection of the National Library of the Republic of Kazakhstan. During the research, Persian manuscripts were divided into three groups. The unique features of the manuscripts of each group and the problems that arise during the research have not been ignored. As much as possible, the article includes the chronology of Persian manuscripts and customers, seal, handwriting, scribes, place (city), and year of copying of these manuscripts.

**Key words:** Persian manuscript, classification, madrasah, textbook, literature, history, Muslim education.

Г.А. Камбарбекова<sup>1</sup>, К. Кари<sup>2\*</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный университет им. аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Научный институт изучения Улуса Джучи, г. Астана, Казахстан

\*e-mail: kazalem@mail.ru

### Общий обзор коллекции персидских рукописей Национальной библиотеки Республики Казахстан

В статье сделан комплексный обзор рукописей на персидском языке, хранящихся в рукописном фонде Национальной библиотеки Республики Казахстан. На конкретных примерах была представлена краткая история распространения персидских рукописей в Казахстане и потребности местного населения в литературе, распространяемой в виде персидских рукописей. Основная причина этого в том, что персидский язык был не только языком поэзии, но и языком науки, особенно исторических произведений. Об этих словах свидетельствует тот факт, что начиная со средних веков рукописи на персидском языке, написанные на различные темы, широко распространялись в странах Средней Азии и использовались в качестве учебников в местных медресе. Также в пользу этих слов свидетельствуют тематические и содержательные особенности рукописей на персидском языке, хранящихся в рукописном фонде Национальной библиотеки Республики Казахстан. Можно также сказать, что литературное, историческое, философское, суфийское, словари, рукописи о фикхе, различные рассказы и рассказы на персидском языке преподавали в медресе Средней Азии и Казахстана еще до образования Советского Союза. В качестве доказательства этого всесторонне рассмотрены грамматика арабского языка, написанная на персидском языке, и сборник стихов Хафиза бен Бидиля, сохранившийся в нескольких вариантах в рукописном фонде Национальной библиотеки Республики Казахстан. В статье в основном рассмотрены содержание и научная значимость персидских рукописей, хранящихся в редкой коллекции Национальной библиотеки Республики Казахстан. В ходе исследования персидские рукописи были разделены на три группы. Не остались без внимания уникальные особенности рукописей каждой группы и проблемы, возникающие в ходе исследования. По мере возможности в статью включаются хронология персидских рукописей и заказчики, печать, почерк, переписчики, место (город) и год переписания этих рукописей.

**Ключевые слова:** персидская рукопись, классификация, медресе, учебник, литература, история, мусульманское образование.

### Кіріспе

Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасы 1910 жылы құрылған. Алғаш құрылған кезінде бұл кітапхананың қолжазбалар бөлімінде қанша қолжазба мен сирек кітаптар болғаны туралы толық мәлімет қолымызда жоқ. Атеизмге негізделген кеңес одағы тұсында көптеген қолжазбалар қолды болып, жойылып кеткені баршаға белгілі. Қазақстан Республикасы 1991 жылы тәуелсіздігін жарияланған кезге дейін Ұлттық кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімінде сақталған мұралар арнайы зерттелмей келген. Бұның сыртында Қазақстан өзге Орталық Азия елдері секілді жазба мұраларымен ерекше танымал емес. Салыстырмалы түрде Орталық Азия елдерінің ішінде қолжазбалары аз сақталған елге жатады. Қазақстан жерінің үл-

кендігі, көшпелі өмір мен Ресеймен тікелей шекаралас болғандығы жазбаша мұралардың жоғалуына, жойылуына және сақталмауына себеп болған деген пікір бар. Ал тиісінше Ресейден алысырақ орналасқан, яғни Қазақстанның оңтүстігіндегі Өзбекстан мен Тәжікстан елдерінде қолжазба мұралар көптеп сақталған деген пікір қалыптасқан. Алайда осы айтылған пікірдің біржақтама екендігін байқаймыз. Қазақ жерінде сақталған қолжазбалардың (араб, парсы, түрік не қазақ тілдерінде екендігіне қарамастан) көп екендігін уақыт пен тәжірибе көрсетіп отыр. Бір жағынан қарағанда арнайы қорларда сақталған қолжазбалар мен сирек кітаптар санына қарап қолжазба мұра аз сақталған деген ойдың қалыптасқаны байқалады. Шынында да ресми қорларда сақталған және тізімге алынған қолжазбалар мен сирек кітаптардың саны салыстырмалы

түрде аз. Ал, екінші жағынан қарасақ халық арасында әлі күнге дейін тізімге алынбаған қолжазбалар мен сирек кітаптар көп. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бергі жылдарда үйде, мешіттерде немесе басқа да жерлерде сақталған қолжазбалар туралы айтылып та жазылып та келеді. Бірақ әлі күнге дейін қанша жеке коллекция бар және әр коллекцияда қанша қолжазба мен сирек кітаптар бар екендігі арнайы зерттелмеген. Тәжірибеге сүйене отырып жеке коллекцияларда сақталған жазба мұралардың кітапхана қорларында сақталған қолжазбалармен тақырыптас және мазмұндас келетіндігіне куә боламыз.

### **Зерттеу материалдары мен әдістері**

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан бері қолға алынған жұмыстардың бірі өткенді түгелдеу және жоғалған не белгісіз болып келген жазбаша мұраларды анықтау, тізімге алу және зерттеу. Кеңес одағы кезінде ҚР Ұлттық кітапханасының Сирек қорында сақталған сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалардың библиографиялық көрсеткіші «Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар бөліміндегі шығыстық кітаптар» деген атпен жарық көрген. Бұл библиографиялық көрсеткішке араб, парсы, түрік, шағатай, өзбек, татар, әзербайжан, өзбек тілдеріндегі литографиядан жарық көрген кітаптар енген (Сауытбеков, 1981). Тәуелсіздік алғаннан кейін Сирек қорлардағы қолжазбалар мен сирек кітаптардың зерттелу өзектілігі арта түсті. Нәтижеде ҚР Ұлттық кітапханасы Сирек қорындағы парсы тіліндегі қолжазбалардың каталогы 2008 жылы орыс тілінде жарық көрді (Абдулло, Камаледдини, 2008). Бұл каталогқа 112 парсы тіліндегі қолжазбаның аннотациясы енген. Алайда каталогты құрастыру барысында бірқатар қателерге жол берілгендіктен қолжазбалардың саны мен сипаттамасы қайта қарастырылып қайта жасауды қажет етеді. Мысалы үшін парсы тіліндегі қолжазбалар каталогына Ә.Науаи мен Сайқалидың түрік шағатай тіліндегі қолжазбалары да енген (Абдулло, Камаледдини, 2008: 146-147). Бұдан басқа бірнеше араб тіліндегі қолжазба да парсы тіліндегі қолжазбалар каталогына енгізілген. Алғашқы парақтарында парсы тіліндегі түрлі жырлар мен мінәжаттарды оқып парсы тіліндегі аты белгісіз қолжазба деп таныстыр-

ған жерлер кездеседі. Сондай-ақ бірнеше рисаланың бір мұқабаға түптелген нұсқасын жеке-жеке нөмермен белгілеген. Мысалы 87-1, 87-2, 83-3 деп бір томға енген жеті жеке шығарманы жеке-жеке том ретінде таныстырған (Абдулло, Камаледдини, 2008: 115-121). Каталог құрастыру тәртібі бойынша бір томға енген бірнеше шығарма бірінің соңынан бірі жеке-жеке жазылады. Бірақ парсы тіліндегі қолжазбаларды құрастырушылар бұл ережені сақтамаған. Нәтижеде парсы тіліндегі қолжазбалардың саны 112 том қолжазба болып шыққан. Бірақ каталогқа енген қолжазбалардың томдар саны 112 емес 87 екендігі анықталды.

ҚР Ұлттық кітапханасының сирек қорында парсы тіліндегі литографиялық кітаптар да сақталған. Литографиялық парсы кітаптарының каталогы 2011-жылы жарық көрді (Қамбарбекова, 2011). Бұл каталогқа 247 парсы тіліндегі кітаптардың аннотациясы енген. Ал 2015-жылы Ғылым ордасы Орталық ғылыми кітапханасының Сирек қорындағы парсы тіліндегі кітаптардың каталогы қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген (Қамбарбекова, 2015). Бұл каталогта 400-ден астам парсы кітаптарының сипаттамасы енген. Нәтижеде ҚР Ұлттық кітапханасы мен Орталық ғылыми кітапханасының сирек қорындағы парсы тіліндегі литографиялық кітаптардың тізімі жасалып жүйеге түскен. Алайда Алматы қаласындағы Орталық ғылыми кітапхана мен өзге қалалардағы парсы тіліндегі қолжазбалардың каталогтары әлі жасалмаған. Демек Қазақстан бойынша парсы тіліндегі қолжазбалардың саны қанша екендігі осы күнге дейін белгісіз. Осыған орай парсы тіліндегі қолжазбаларды зерттеу жұмыстары әлі өз зерттеушісін күтетін тақырыптардың бірі.

### **Ғылыми зерттеу әдіснамасы**

Зерттеу мақалада парсы тіліндегі қолжазбалардың саны, сақталу деңгейі, тақырыптық ерекшеліктері жан-жақты қарастырылды. Сонымен қатар, қолжазбаларды топтарға бөлу, қолжазбаның жазылу тарихы мен оның жазылуына себеп болған факторларды тарихи салыстырмалы әдісті пайдалана отырып зерттеу жұмысы жасалды. Мақаланы жазу барысында салыстырмалы әдіс, тарихи құжаттарға сүйене отырып талдау әдісі мен қолжазбаларды зерттеу барысында қолданылатын кодикология саласына қа-

тысты әдістер қолданылды. Кодикология әдісіне сүйене отырып қолжазбалардың жазуы, қағазы, жылы, көшірушісі, көшірілген орны, тапсырыс берушісін анықтау жұмыстары жасалды. Зерттеу жұмысына бірқатар парсы қолжазбалары мен сирек кітаптарының каталогтары, кодикология бойынша жасалған бірқатар жұмыстар негіз болды.

### Зерттеу нәтижелері және талқылау

Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының сирек қорында сақталған парсы тіліндегі қолжазбалардың каталогта көрсетілген саны 112, бірақ каталогта қате кеткендіктен парсы қолжазбаларының саны 87 екендігі жоғарыда айтылды. Парсы тіліндегі қолжазбаларының хронологиялық кезеңі негізінен 19 ғасыр мен 20 ғасырдың басы. Тақырыптары жағынан сан алуан, атап айтқанда тіл үйренуге арналған оқулықтар, поэзия, проза, антология, суфизм, тарих, тәфсир, пайғамбардың өмірбаяны, әулиелер антологиясы, философия, тарих, діни шығармалар (соның ішінде фикх) және түрлі тақырыптарды қамтитын еңбектер кездеседі.

Бұл қолжазбалардың ішінде қайталанатын шығармалар кездеседі. Яғни белгілі бір шығарманың бірнеше нұсқасы сақталған. Мысалы үшін Қожа Хафиз Ширазидың өлеңдер жинағы – 5, Әбдул Қадир Бидилдің өлеңдер жинағы – 4, Викая деген атпен танылған фикх шығармасы – 3, Әбдрахман Жәмидің Жүсіп-Зылиха поэмасы – 2, Чахар кітаб – 6, Миғраж ән-нәби – 2, Суфи Аллаярдың Маслак әл-муттақин поэмасы – 7, Ахлақи Мухсини – 2. Бұдан басқа аты белгісіз, басы да аяғы да жоғалған бірнеше қолжазбалар бар. Мұндай қолжазбалардың әрбір парағын оқи отырып мазмұнына қарап шығарманың аты мен авторын анықтауға болады. Аты белгісіз қолжазбалардың саны – 12. Ал кейбіреу шығармалардың авторларын анықтау мүмкін болмады. Сонымен қатар біршама қолжазбалардың бастапқы парақтарында кейінгі авторлардың басқа сиямен жазып қалдырған мәжмуа деген сөзді оқуға болады. Мұндай мәжмуалардың саны – 14. Бұдан басқа қолжазбалардың бәрі бір данадан сақталған. ҚР Ұлттық кітапханасының сирек қорында сақталған парсы тіліндегі қолжазбаларға шолу жасай отырып бірнеше топқа бөліп қарастырылды.

Бірінші топқа авторы да шығарманың аты да белгілі қолжазбалар топтастырылды. Атап

айтқанда Хафиздың Диуани Хафиз, Әбдрахман Жәмидің Жүсіп Зылиха, Лейли Мәжнүн, Туфхат әл-ахрар, Нәфәхат, Силсилат әз-зәхәб, Биделдің өлеңдер жинағы, Әмир Хосроу Дехләвидің Хамсасы, Сағдидың өлеңдер жинағынан үзінділер, Низамидың Хафт пейкар поэмасы, Аттардың Мантиқ ат-тайр шығармасы, Санаи Ғазнавидің Хадикасы, Сопы Аллаярдың Мәсләкул муттакин және Мурадул әрифин шығармалары, Ахлақи Мухсини, Абу Муслимнама, Әбу Хамид әл-Ғазалидың Кимия-ий сәадат, Мирхондтың Раузат ас-сафа, Шейх Масуд ибн Юсуф Самарқандидың Салати Масуди, Ваиз Кәшифидың Рашахат және тағы бірнеше еңбектері.

Екінші топқа авторы белгісіз немесе басы мен аяғы жоқ қолжазбалар топтастырылды. Бұл топқа мәжмуалар да енгізілді. Мәжмуа – бірнеше шығармалардың жинағы. Яғни бір томға бірнеше тақырыптағы шағын шығармалар енген. Ондай қолжазбаларды мәжмуа (жинақ) деп атайды. Осындай мәжмуаларға енген кейбір шығармалардың аты мен авторлары бар. Бірақ бір мұқабаға түптелген бірнеше шағын шығарманың бірнешеуінің аты мен авторы белгісіз. Бұдан да басқа себептерді ескере отырып мәжмуалар екінші топқа енгізілді.

Үшінші топқа бірнеше тілде жазылған шығармалар енді. Бір мұқабаға түптелген қолжазбада бірнеше шығарманың кездесуі қалыпты жағдай. Ондай қолжазбаларды мәжмуа деп атайтынымызды атап көрсеттік. Енді осындай мәжмуаға енген бірнеше шығарманың бірі парсы, бірі араб енді бірі түрік шағатай тілінде болып келетін жағдайлар кездесіп отырады. Каталог құрастырушылар әдетте бірнеше тілде жазылған қолжазбаны шығарманың көлеміне қарай сол тілдегі қолжазбалар каталогына енгізеді. Мысалы бір томда (желд) араб тіліндегі шығарманың парақ саны парсы не түрік тіліндегі шығармадан көп болса, бұл қолжазбаны араб тіліндегі қолжазбалар каталогына енгізеді. Тиісінше түрік не парсы тіліндегі қолжазбалар каталогын құрастырғанда араб тіліндегі каталогқа сілтеме жасап сол каталогтағы бірнеше тілді қолжазбаның ішінде бірнеше парақтан тұратын түрікше не парсыша шығарма бар екендігін атап көрсетсе зерттеушілерге үлкен көмек және тиімді нұсқаулық болады.

Енді осы үш топқа бөліп қарастырған парсы тіліндегі қолжазбалардың бірінші тобына кеңірек тоқталамыз. ҚР Ұлттық кітапханасының

сирек қорында авторы да шығарманың аты да белгілі шығармалардың ішінде парсы әдебиетінің танымал өкілдері Аттар, Сағди, Санаи, Низами, Жәми, Әмир Хосроу Дехләви, Хафиз, Бидил және т.б. авторлардың еңбектері кездеседі. Бұл авторлардың еңбектері Орталық Азия, Үндістан және Кіші Азия аймақтарына кең таралған. Одан басқа танымал дін, фәлсафа және тарихи тақырыптарға арналған шығармалар да ҚР Ұлттық кітапханасының сирек қорында сақталған. Байқап отырғанымыздай парсы тіліндегі авторлары да шығарманың аты да белгілі еңбектердің тақырыбы саналуан. Тарихи, әдеби, сопылық, дін мен философиялық тақырыптарда жазылған шығармалардың бірге жүруі парсы тіліндегі әдебиеттердің сұранысқа ие болғандығын білдіреді. Парсы тіліндегі түрлі тақырыптарға жазылған танымал авторлардың еңбектерінің қазақ жерінде сақталуы парсы тілінің тек поэзияның тілі емес, философия, тарих, суфизм мен ғылыми еңбектердің тілі болғандығын да дәлелдей түседі. Осы еңбектердің ішінде бірнеше нұсқасы сақталған әдеби шығармалар ерекше көзге түседі. Сондай шығармаларға арнайы тоқталғанды жөн санадық. Олар Хафиз Ширазидың (1325-1389) Диуани Хафизы мен Әбдул Қадир Бидилдің (1644-1720) өлеңдер жинағы; Диуани Хафиз – 5, Диуани Бидил – 4. Парсы тіліндегі литографиялық кітаптардың ішінде де Диуани Хафиз мен Бидилдің диуанының бірнеше басылымы кездеседі. Ташкент, Душанбе, Санкт Петербург, Москва және Қазан қалаларындағы қолжазбалар коллекциясында да Хафиз бен Бидилдің өлеңдер жинағы жиі кездеседі. Диуани Хафиз бен Бидилдің диуаны Орталық Азия елдерінде бір кездері көп көшіріліп, литографиялардан жиі шығарылғанының бірнеше себебі бар. Бұл туралы ҚР ҰК Сирек қорындағы парсы қолжазбаларының каталогын құрастырушылар сілтеме берместен былай деп жазған: Садриддин Айнидың сөзіне қарағанда медреседе оқыған шәкірттер соңғы оқу жылында Бидилдің шығармаларын оқитын болған. Бидил мен Хафиздың өлеңдері Ташкент, Самарқанд, Ходжент, Бұхара, Ферғана және т.б. қалалардағы медреселердің оқу бағдарламасына енген. Бидилдің үнді стилі ұзақ уақыт бойы Орталық Азияда танымалдыққа ие болған және бірқатар тәжік ақындарының шығармашылығына әсер еткен. Олар Накибхан Туграл Ахрари мен Зуфарахан Джафаризаде (Абдулло, Камалиддини, 2008: 36). Ақындар мен ғұламалардың еңбек-

терін жан-жақты зерттеген тәжік ғалымдарының бірі Садраддин Айни (1878-1954). Ғалымның ұзақ уақытын бөлген зерттеу жұмысының бірі Әбдул Қадир Бидилге арналған (Айни, 1954). С.Айни аталмыш еңбегінде былай деп жазады: «Бидилдің еңбектерінің қолжазбасы осы топыраққа келген кезінен бастап таңдамалы ғазалдар жинағының қолжазбалары мектеп оқулықтарына айналды. Ескі медреселерде Құран мен діни дәрістерден кейін бірінші Қожа Хафизды, екінші Мирза Бидилді оқитын болған. Мектептерде оқушылар Бидилдің ғазалдарын оның өз жазуы яғни шекәсте насталиқпен жазуға тиісті болатын. Тіпті Хужанд қаласындағы шәйханаларда да Бидилдің диуаны табылатын. Сауаты бар Бидилді сүйіп оқитындар оның өлеңдерін шәй ішіп отырып оқитын, ал сауаты жоқтар оны тындап түсінгенше кәдесіне жарататын» (Айни, 1964: 117). Орталық Азиядағы 19 ғ. соңы мен 20 ғасырдың басындағы медреселерде Бидилдің өлеңдер жинағы оқулық ретінде қолданылғаны туралы басқа да зерттеулерде кездеседі. Әлемдегі танымал ираника энциклопедиясында Бидил туралы былай деп жазылған: «Бидилдің үнді-парсы, урду, ауған және тәжік әдебиетіне ықпалының нақты көлемі өлшеусіз және ол Орталық Азиядағы ақындар мен жазушылардың кейінгі ұрпақтарымен бірге арта түскен. 18 ғ. соңында Бидилге поэзия мен прозада еліктеу Трансоксианада әдеттегідей болды. Шығармалары бастауыш мектептердегі негізгі оқулықтар қатарына енді, ал оның өлеңдері халық поэзиясына жол тауып, хафиздер жатқа айтатын болған. Бидилдің әсері 19 ғ. соңы мен 20 ғ. басына дейін жалғасты (Siddiqi, 1989: 244-246). Хафиздың диуанының соншалықты көп рет көшірілген қолжазбалары мен литографиялық басылымдары туралы ирандық зерттеуші И. Худояр әрі таң қалып әрі тамсанып былай деп жазады: 1884-1917 жылдар арасында Диуани Хафиз 66 рет литографиялардан жарық көрген, соның ішінде 57 рет Ташкентте басылып шыққан, ал Бидилдің диуаны 54 рет оқулықпен қамтамасыз ету мақсатында тас таспалардан жарық көрген (Худояр, 2016: 4). Бұл сөздерді растайтын мәліметті белгілі шығыстанушы ғалым барон В.Р. Розеннің (1849-1908) жазбаларынан кездестіруге болады. В.Р. Розен: Мусульманская печатная издания в России за 1893 год атты мақаласында Молла Ахунд Хуқанди ибн Молла Абдуллах Ахунд баспаға әзірлеген Әбдул Қадир Бидилдің диуа-

ны мен Хафиздың диуаны Ташкенттегі литографиялардан әрқайсысы 1000 дана болып жарық көргенін жазады (Розен, 1894: 395). Бірақ бұл жерде ирандық зерттеуші И.Худояр кейбір мәселелерге аса қатты мән бермегенін байқаймыз. И.Худоярдың пікірінше Ресей отарлап алған елдердің өзінде әлі де болса ескіше оқуға, төл әдебиетін оқуға шектеу қойылмаған еді, тек Қазан төңкерісінен кейін барып бұның бәрі өзгерді дегенді айтады (Худояр, 2016: 5). Алайда В.Р. Розеннің жазбасы мен осы дәуірдегі мұсылманша оқитын оқу орындарының оқулықтарын зерттеген жұмыстарға жүгінсек Ресей патшалығы бірнеше рет мұсылманша оқулықтар мен әдебиеттерге тиым салғанына куә боламыз. Ол туралы В.Л. Данилов мынадай бірқатар маңызды деректер келтіреді: В 1840-е гг. мусульманское книгопечатание в Казани было запрещено, а цензура мусульманской книги переведена в Петербург. Мұсылманша кітап шығаруға тиым салып қатаң бақылауға алынған соң да мұсылманша (араб, парсы және түрік тілдерінде) оқулықтар мен әдебиеттер шығару қарқынды түрде жалғасады. Себебі мұсылмандар өздері кітап басып шығара алмаса сырттан әкелуге кіріседі. Бұл жағдайдан қауіптенген Ресей үкіметі қатаң бақылаудан соң мұсылманша кітаптарды шығаруға рұхсат берген жөн деп табады. Алайда сол кездегі саясатқа қайшы келетін мұсылманша кітаптар болса оларға рұхсат бермеген. Бірақ соған қарамастан мұсылманша кітап шығару жұмысы тоқтамаған. Бұл мәселе тек литографиялық кітаптар емес бүкіл мұсылман қолжазбаларына қатысты ұстанған саясат. Ол туралы мынадай мәлімет бар: В 1879 г. цензором восточных книг в Главном управлении по делам печати стал В. Смирнов – самый одиозный надзиратель мусульманской литературы за всю ее подцензурную историю. Но даже в периоды давления цензуры издание мусульманских книг продолжало расти (Данилов, 2008: 128-134). Демек ирандық зерттеуші айтқандай мұсылманша әдебиеттерді шығару мәселесі еркін болды дегенді білдірмейді. Қолжазбаларды қайта көшірту және типографиялардан жарыққа шығару мұсылмандар үшін оңай болмаған. Патшалық Ресейге қарасты жерлердегі мұсылмандардың қолжазба не тас баспа кітаптарының бәрі қатаң бақылауда болған. Большевиктер келгенге дейін патшалық Ресей мұсылмандардың қолдауына ие болу үшін қатаң тексерістен кейін кейбір әдебиеттерді медресе-

лерде оқытуға және қолжазба не баспа түрінде таратуға рұхсат берген. Бірақ большевиктердің келуімен жағдай өзгереді. Ал Тәжікстан мен Өзбекстандағы Бидил мен Хафиздың өлеңдерін мектеп жасындағы балаларға оқыту жұмысы кеңес одағы орнаған соң бірер жылда тоқтайды.

Кезінде Хафиз бен Бидилдің өлеңдері Өзбекстан мен Тәжікстан жеріне кең тарауы табиғи жағдай. Бірақ Қазақстанның түрлі аймақтарында бұл екі ақынның өлеңдер жинағының қолжазбалары мен литографиялық басылымдарының сақталып қалуы нені аңғартады деген сұраққа жауап іздейміз. Бір жағынан сол кездегі Орталық Азия мен Қазан қаласына дейінгі аралықтағы көптеген мектеп-медреселердің оқулықтары бір болған, ұстаздар бір оқулықты пайдаланған және бір-біріне ұқсас бағдарламамен жұмыс істеген. Қазанда көшірілген Хафиз бен Ташкенте не Бұхарада көшірілген Хафиздың диуаны ұқсас. Айырмашылық жазу мен қағаз және өлеңдердің орналасу тәртібінде. Бірақ таңдап алған ғазалдар саны жағынан ұқсас және негізінен бір-бірін қайталайды. ҚР Ұлттық кітапханасының сирек қорында сақталған Хафиз бен Бидилдің өлеңдер жинағының литографиялық басылымдарында патшалық Ресейдің цензурасының рұхсатымен жарық көргені туралы мәлімет бар. Мысалы үшін Бидилдің литографиядан жарық көрген диуанында мынадай жазу бар: Дозв.Цenz. С-П-бургъ 26 июня, 1900 (Қамбарбекова, 2011: 115). Хафиз бен Бидилдің өлеңдер жинағының көптеген литографиялық басылымдары Санкт Петербург, Москва және Қазан қалаларындағы кітапхана коллекцияларында жиі кездеседі (Щеглова, 1975:370). Екінші жағынан осы екі ақынның өлеңдер жинағы қолжазба түрінде де ел арасына көп тараған. Әлі күнге дейін жеке коллекцияларда екі ақынның еңбектерін жиі кездестіреміз. Осыған қарап Хафиз бен Бидилдің өлеңдер жинағының қолжазбаларының сұранысқа ие болғандығын байқаймыз және бұл ретте кімнің тапсырысымен жарық көргенін анықтау маңызды. Хафиз бен Бидилдің қолжазбалары мен литографиялық басылымдары негізінен 19 ғ. мен 20 ғ. басында жарық көрген және қолжазбалары да осы кезеңде көшірілген. ҚР Ұлттық кітапханасы қолжазба қорындағы Диуани Хафиздың ең ертерек көшірілген қолжазбасы 1250/1834 жыл, соңғы көшірілгені 1305/1887 жыл. Ал Диуани Хафиздың литографиялық басылымының ең ертерегі 1289/1872 жылы Бомбейде Хайдарли-

тографиясында жарық көрсе, кейінірек жарық көргені 1333/1925 жылы шамасы Ташкентте жарық көрген. Соңғы беттері жыртылғандықтан қай қалада жарық көргені белгісіз. Бірақ жазуы, безендірілуі, көлеміне қарап өзге де ташкенттік Хафиздың Диуанына ұқсастығын аңғарамыз. Бидилдің өлеңдер жинағына келсек, сирек қорда төрт қолжазбасы сақталған. Олардың ең ертерегі 1264/1847, ең соңғысы 1295-1878 жылы көшірілген. Ал литографиялық басылымдарының саны жиырма. Оның он екі басылымы Ташкентте, үш басылымы Санкт-Петербургте, екі басылымы Бұхарада, екі басылымы Бомбейде, бір басылымы Самарқандта жарық көрген. Бұл басылымдардың ең көнесі 1299/1882, кейінірек жарық көргені 1328/1920.

Енді бір жағынан алып қарасақ Хафиз бен Бидил екі бөлек ақын. Хафиз 14-ғасырда өмір сүрген ирак стилінде жазған ақын. Бидил болса 17 ғ. соңы мен 18 ғ. басында өмір сүріп үнді стилінде жазған ақын. Бидил Үндістанда дүниеге келіп сол елде дүние салған. Екі ақынның арасында уақыт, тақырып пен стил жағынан үлкен айырмашылық бар. Бірақ соған қарамастан қолдағы деректерге сүйенсек осы екі ақынның еңбектері бүкіл Орталық Азия елдеріне тіпті Қазан қаласындағы медреселерге дейін кең тарап мектептерде оқытылған. Бидил Үндістаннан Хоросанға одан асып тәжік оқырмандары арқылы келді десек, ал Хафиз қалай қазақ ортасына келді деген сұрақ мазалайды. Бұл сұраққа қазірше нақты жауап табылмады. Шамасы бір кездері Хафизді оқыту оқу бағдарламасына енген болар. Сол дәстүр сақталып біраз уақыт бойы медреселерде Хафиздың ғазалдарын оқыту жалғасса керек. Бірақ сол кездегі мектеп оқушылары Хафиз бен Бидилдің ойларын түсінген бе, әлде амал жоқтан оқу бағдарламасына енген соң оқуға мәжбүр болған ба деген сұраққа С.Айнидің еңбегінен жауап тапқандай боламыз. Бізді мазалаған сұраққа ғалым былай деп жауап береді: Жас балалардың Бидилдің өлеңдерін жаттауы пайдасы жоқ талпыныс болатын (Айни, 1964: 117). С.Айнидың еңбегін оқи отырып Бидил мен Хафизды 7-10 жастағы балаларға оқытқанын және жаттатқанын, тіпті көшіріп жазуға тиісті болғанын білеміз. Бірақ кішкентай балалар сопылық тақырыпқа жазылған ақындардың өлеңін түсініп оқығанына күмәнданамыз. Иран, Тәжікстан және Ауғанстан секілді елдерде ересек жастағы адамдардың өзі Хафиз бен Бидилдің өлеңдерін

сол кезде және бүгінгі таңда оңайшылықпен түсіне бермейді. Хафиз Иранда ең көп оқылатын танымал ақын. Бірақ мектеп оқушылары Хафиздың өлеңдерінің мағынасын оңай түсінеді деп айту қиын. Ал ирантану мамандығы бойынша оқитын студенттер бұл күнде әлемнің түпкір түпкірінде 1-2 курстарда Хафиз бен Бидилді оқымайды. Әдетте бұл ақындардың өлеңдерінің мағынасы күрделі болғандықтан жоғары курстарда немесе магистратурада оқиды және ол да болса үзінділерін. Сонымен қатар Хафиздың ғазалдарының мағынасы күрделі болғандықтан оған көптеген түсініктер жазылған (Хафиз, 2000). Жалпы оқырман қауымға қарапайым тілде Хафиздың ғазалдарына түсініктер жазылған кітаптар бар (Хоррамшахи, 2004). Балалар мен жасөспірімдер үшін арнайы жарық көрген Хафиздың таңдамалы өлеңдер жинағының саны шексіз.

Хафиз бен Бидилге арналған зерттеуді қорытындылай келе әлі толықтай дәлелденбеген, бірақ шындыққа жақын келетін пікірді ұсынғымыз келеді. Патшалық Ресей мұсылманша оқулықтарды қатаң бақылауға алып медреселерде оқытылатын оқулықтарға рұхсат бермес бұрын кітаптардың мазмұнын мұқият тексергені белгілі. Соған қарап Хафиз бен Бидил өлеңдерінің мағынасын оңайшылықпен шәкірттер түсіне бермейді деген пікір басшылыққа алынған болса керек. Патша үкіметінің арнайы мамандары Хафиз бен Бидилді оқып тексеріп шыққаны анық. Нәтижеде ішінде дінді мақтау не насихаттау белгілері байқалмайды және саясатқа қайшы келетін ойлар кездеспейді деген қорытындыға келсе керек. Расында да Хафиз бен Бидилдің айтқысы келген ойлары күрделі. Олар ойларын тереңнен толғап нақышына келтіре астарлап және томпақтау мәселелерді жіңішке жеткізген. Бірнеше қайтара оқығанда немесе ұстаз қайталап түсіндіргенде ғана түсінуге болатын мәселелер бар. Сол себепті Хафиздың ғазалдарына Иранда әлі күнге дейін түсініктер (шәрх) жазу жұмысы жалғасып келеді. Ал Бидилдің өлеңдеріне келетін болсақ мәселе басқаша. Бидил үнді стилінде жазған үндістандық парсытілді ақын. Оның өлеңдерін сүйіп оқитын оқырмандар да негізінен Үндістан субконтинентінде болған және әлі де бар. Бидилдің өлеңдері Орталық Азияға осы Үндістан арқылы жеткен. Алайда бұл күндері Хафиз секілді Бидилдің өлеңдері арнайы ирантану немесе парсы әдебиеті мамандығы бойынша оқу

бағдарламаларына енбеген. Бидилдің өлеңдері Иранда кең түрде насихатталады, оқытылады деп айту қиын. Бидилдің өлеңдері Иран оқырмандары арасында аса танымал еместігі туралы Н.И. Пригарина былай деп жазады: Еще меньше интереса в Иране к поэтам, не являвшимся уроженцами Ирана, например к Бедилу. Возможно, это связано с тем, что у него уже Индия присутствует, если уместно так выразиться, в каждом нерве его поэзии – это заметно и в появлении концепций, продиктованных индийской философией, индийских реалий, образов мистической практики как индийских суфиев, так и йогов и подвижников других религий Индии (Пригарина, 1999: 23). Бидил өлеңдерін талдаған ирандық ғалым З.Сафа ақын қиялға беріліп өлең жазу барысында түрлі теңеулер мен ерекше және сирек орамдарды қолданамын деп сөздің мағынасын кетіріп алған жерлері кездеседі деп жазады (Safa, 2008:1379-1380). Хафиздың диуаны ЖОО орындарында арнайы жеке пән ретінде оқытылса, Бидил туралы тура осылай деп айта алмаймыз. Яғни Хафиз бен Бидилдің халық арасындағы танымалдылық деңгейі әртүрлі, тіпті салыстыруға келмейді. Бірақ соған қарамастан әртүрлі дәуірде өмір сүрген, екі бөлек стилде жазған Хафиз бен Бидилдің өлеңдері Орталық Азия елдерінің мектеп-медреселерінде бас қосқан. Бидилдің өлеңдері заманында тәжік ақындарының шығармашылығына әсер еткен және тәжік әдебиетінен ерекше орын тапқан. Тәжік оқырмандары арқылы бүкіл түркі тілдес халықтың арасына Бидилдің өлеңдері тараған. Ал Хафиздың ғазалдарының Орталық Азия елдеріне тарауы және медреселердің оқу бағдарламасына ену тарихы арнайы зерттеуді қажет етеді. Жоғарыда айтылған барлық мәліметтерді қорытындылай келе медресе шәкірттерінің бәрі де Хафиз бен Бидилді сүйіп оқыған және түсінген деуге болмайтынын аңғарамыз. Алайда ішінде ілуде бір талантты шәкірт болса, Хафиз не Бидилді сүйіп оқып ол туралы азды-көпті жазып қалдырған мәліметтер де кездеседі. Мысалы үшін Ш.Ш. Уәлиханов Қашғар күнделігі II деген мақаласында Қашғарға сапарын баяндай келе бірқатар мәселелерді баяндап келе жатып Мир Әлишер Навои туралы әңгімелейді. Содан Ходжа Джаган (Қожа Жахан) мен Ходжа Ахмет (Йасауи) Ходжа Юсуф Гамаданидің (Хамаданидің) шәкірттері болғандығын жазады. Жүсіп-Зылиха поэмасының авторы Маулави Жәми, Мирза Бидил

«Шакир-ханның авторы деп жазады. Одан ары әртүрлі шығыс авторларынан бір бәйіт өлеңдер жазған (Уәлиханов, 1985: 38-52). Олардың арасында Хафиздың бір бәйіт өлеңі бар.

[می دو ساله و معشوقه چهارده ساله همین بسست  
صحبت صغر و کبر]

Ауд: Екі жылдық шарап пен он төрт жастағы сүйікті,  
Жас пен кәрінің сұхбаты үшін осы жеткілікті.

Халық арасына осы бір бәйіт өлең мақал-мәтел ретінде тараған және Ш.Уәлиханов Хафиздың осы өлеңін ұстаздарынан немесе медреседегі мұғалімдерінен естігені анық. Орталық Азиядағы үлкен білім ошақтарынан қашықтау жерде туып-өсіп орысша білім алған Шоқан танымал медреселерде оқымаса да парсы әдебиетімен таныс болғандығы әрі кез-келген сол заманның және осы заманның оқымыстысы мағынасын терең түсіне бермейтін Хафиздың құпияға толы өлең жолдарын мақаласында пайдаланғандығы тамсандырады және тәнті етеді деп баға берілген (Қамбарбекова, 2014: 59). Ш.Уәлихановтың мысалынан кейін қазақ даласының алыс аймақтарындағы медреселерде де Хафиздың бәлкім Бидилдің де өлеңдері оқытылғанына көзіміз жете түседі. Шәкірттердің бірі сүйіп оқыса, бірі мәжбүрліктен оқып тез ұмытқанын да пайымдау қиын емес. Себебі жоғарыдағы мақаласында Шоқан Мирза Бидилдің есімін Әбдірахман Жәмидің есімімен бірге атап өткен. Олай болса медресе бағдарламаларына енген мағынасы терең, сиқырлы да сырлы Хафиз бен Бидил өлеңдері халыққа да патшалық Ресей үкіметіне де тиімді болған деген қорытындыға келеміз.

Екінші топқа басы мен аяғы жоқ, яғни жоғалған қолжазбалар жатады. Олардың көбісі мәжмуа, яғни бірнеше шығарманың жинағы. Басы мен аяғы жоғалған, нақты аты анықталмаған қолжазбалардың саны 14. Ал бірнеше шығармалардың жинағынан тұратын мәжмуа деп атаған қолжазбалардың саны да 14. Бұл топқа жататын қолжазбалардың көбісі діни хикаялар, тіл үйренуге арналған оқулық және поэзия. Парсы тіліндегі қолжазбаларды құрастырушылар шығарманың аты жоқ деп көрсеткен бірнеше қолжазбаның аты сол қолжазбаның ішінде бар екеніне көз жеткіземіз. Соның бірі Диуани Сайқали, екіншісі Әмир Әлишер Науаидің Мәхбуб әл-қулуб шығармасы. Қолжазбаның басы жо-



ғалған және бас жағында шағын парсы тілінде діни хикая бар. Құрастырушылар қолжазбаның басындағы басы жоқ және аты белгісіз шығарманы қарап белгісіз қолжазба деп таныстырған (Абдулла, Камаладдини, 2008: 146-147). Шын мәнінде бұл қолжазба мәжмуаға жатады және бірінші шығарманың аты белгісіз болғанымен екінші шығарманың аты да авторы да белгілі. Бұдан басқа бірнеше мәжмуа (жинақ) деп аталатын қолжазбалар бар. Соның бірі №87 қолжазба. Бұл қолжазба бірнеше шығармадан және мінәжаттан тұрады. Біріншісі мен екінші шығарманың авторы бір адам – Мұхаммад Әлим Шейх Әләви. Үшінші шығарма – Әмир Сайд Әли Хамаданидың Истилахати суфие (Сопылық терминдер) атты екі парақтан тұратын шағын жазбасы. Төртінші шығарма – Ибраһим Каганидың сопылық трактаты, шығарманың соңы жоғалған. Бесінші шығарманың аты белгісіз бірақ авторы Фахраддин Рази. Бар жоғы тоғыз парақтан тұратын шағын сопылыққа арналған шығарма. Осы бес аты белгілі шығармадан басқа бір томның ішінде алты парақтан тұратын бір мінәжат бар және бес парақтан тұратын аты белгісіз сопылық шығарма бар. Басы мен аяғы жоқ шығарма шамасы басқа бір шығармадан алынған үзінді болса керек. Жалпы алғанда бір жинақ ретінде топтастырылған бұл қолжазбадағы шығармалардың бәрі сопылыққа арналған шығармалар. Бір томға түптеген адам қандай мақсатта бұл шығармаларды бір жинақ етіп шығарғаны түсінікті секілді. Тапсырыс беруші шамамен сопылық тариқатының өкілі болса керек. Осы секілді тағы бір мәжмуа бар. Аты – Үш рисәләдан тұратын мәжмуа деп аталады. Бұл мәжмуаға аты айтып тұрғандай үш шығарма енген. Бірінші шығарма аты белгісіз, мазмұны араб және парсы тілдеріндегі өлеңдер мен оған жазылған түсініктер. Екіншісі Сағди Ширазидың Гүлстан шығармасына жазылған түсініктер. Бұл шағын шығарманың авторы Жунайид Абдулла Мусави. Үшінші шығарма екінші шығарманың жалғасы секілді көрінеді. Гүлстан шығармасында кездесетін қиын сөздердің сөздігі, А әрпі жоқ, сөздік Б әрпінен басталады.

Бір томға бірнеше шығарманың топтастырылған жағдай діни шығармалардан жиі байқалады. Соның бірі Орталық Азия елдеріне кең таралған еңбек Чахар кітаб (Төрт кітап) және оның алты нұсқасы ҚР ҮК сирек қорында сақталған. Бұл шығарма да медреселерде пайдаланылған діни әдебиетке жатады. Сондықтан болар бүкіл Орталық Азия, Қазан, Уфа қалала-

рындағы кітапхана қорларынан және жеке коллекцияларда бұл шығарма жиі кездеседі. Чахар кітаб негізі жинақ, аты айтып тұрғандай төрт кітаптан тұрады. Кейбір қолжазбаларына төрт кітап емес үш кітабы енген жайлар да кездеседі. Чахар кітаб әдетте мынадай төрт кітаптан тұрады: 1. Нам-и Хаққ. Бұл кітапта мұсылмандарға парыз болған иман шарттары өлең түрінде баяндалған. Яғни бес параз бес бөлік өлең түрінде жазылған. 2. Чахар фәсл деп аталады және қара сөздермен мұсылманның бес парызы баяндалады. 3. Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) хадистері мен сол хадистерге қатысты туындаған хикаялар жинағы. 4. Соңғы кітапта көп жағдайда парсы ақыны Фаридаддин Аттардың ислам дінінің парыздары туралы жазған өлеңдері топтастырылады. Бірақ кейбір Чахар кітаптың қолжазбаларында Аттардың өлеңдері емес басқа парсы ақындарының иман шарты туралы жазған өлеңдері жинақталғанын байқаймыз. Бір кездері медреселерде оқулық ретінде пайдаланылған бұл кітап литографиялардан көптеп жарық көрген. Оның бірқатары ҚР ҮК Сирек қорында сақталған және олардың саны тоғыз (Қамбарбекова, 2011: 38-43).

Үшінші топқа бірнеше тілде жазылған бірнеше рисаладан тұратын қолжазбалар жатады. Бұл топқа негізінен араб тілінің оқу құралдары жатады. Ирандықтар араб тілінің грамматикасын парсы тілінде үйретуді ертеректен қолға алған. Сол себепті әр ғасырда парсы тілдестер үшін араб тілінің грамматикасы толықтырылып жазылып отырған. Кейбір оқулықтардың аты танымал және ондай оқулықтар Орталық Азия кітапхана қорларының бәрінде кездеседі. Сондай бірқатар оқулықтар ҚР Үлттық кітапханасының сирек қорында сақталған және олар Бедан, Кафия, Миат-и амил, Фусули Акбари, Таузих-и камил. Бұдан басқа арабша-парсыша немесе парсыша-арабша сөздіктерді де осы топқа жатқызуға болады. Сондай-ақ бірқатар фикх тақырыбына арналған шығармалар бар. Олар Викая, Мұхтасари Викая, Фикхи Кейдани және т.б. Бұлар да басында арабша жазылған. Бірақ парсы тілді авторлар осы еңбектерге түсініктер жазып, кейде ықшамдап қысқартып аударған. Мұндай шығармалар Орталық Азия медреселерінде оқулық ретінде қолданылған. Бірнеше тілде жазылған бірнеше қолжазба бар. Ол қолжазбалардың аты да авторы да белгісіз. Мұндай қолжазбалардың сипатына келсек басында бірнеше Қожа Ахмет Ясауидың хикметтері бар, ортасында шағын

араб тілінде діни шығарма бар, соңында бірнеше парсы тілінде өлең шумақтары жазылған. Тағы бір қолжазбаның жағдайы тура осы қолжазбаға ұқсас. Бір қолжазбаның ішінде екі шағын шығарма бар. Басында түрік тілінде діни шығарма бар және бөлімдерінің аттары парсы тілінде жазылған. Соған қарап парсы тіліндегі шығарманың аудармасы болса керек деп шамалауға болады. Одан кейін араб тілінде фикх тақырыбына арналған шығарма бар. Осы секілді бірнеше тілде жазылған, бірақ бір томға түптелген бірнеше қолжазба кездеседі. Бұған қарап көптілділік мәселесін байқаймыз. Мектеп-медреселердің ұстаздары түрік, араб және парсы тілдерінде еркін сөйлеген және дәріс берген деуге болады. Бұның тағы да бір себебі бар. Ол қағаз жетіспеушілігінен бір томға тіліне қарамай бірнеше шығарманы жинақтауға тура келген жағдайды да ескеруіміз керек.

Парсы тіліндегі қолжазбалардың сыртқы сипатына келетін болсақ, қағаздары негізінен бірбіріне өте ұқсас ортаазиялық қағазға жазылған. Ал жазуы негізінен насталиқ жазуы, тек Бидилдің бірер диуаны шекасте насталиқ жазуында және бірер фикх шығармалары нәсх жазуында ал жиектеріне жазылған парсы тіліндегі түсініктер насталиқ жазуында жазылған. Енді парсы қолжазбаларының көшірушілері мен көшірілген жерлеріне келетін болсақ, бірнеше қолжазбаның Түркістанда, Қожа Ахмет Ясауидың кесенесі жанындағы медреседе көшірілгені қолжазбалардың колофонында (соңғы парақтың соңғы абзацы) жазылған. Оның бірі Жәвәми әл-хикаят (№225) қолжазбасы болса, бірі Салати Мәсуди (№266). Ал парсы қолжазбаларының ішінде кездесетін мөрлерге келсек, бірнеше қолжазбаның ішінде мөрлер бар. Оның бірі Бидилдің өлеңдер жинағы (№224). Мөрде: Фазл Садық Масуми деп жазылған. Екіншісі Хафиздың диуаны. Ондағы мөрде: Мулла Әбдурахман Мулла Мухаммед Шакер деп жазылған (№221). Бірнеше қолжазбада мөр бар, бірақ бояуы өшіп кеткендіктен оқылмайды. Алдағы уақытта осы мөрлердегі есімдердің кім екендігі анықталатын болады.

### Қорытынды

ҚР ҰК Сирек қорында сақталған парсы қолжазбаларына жалпы шолу жасауға арналған

мақаламызды қорытындылай келе мынадай нәтижелерге келеміз. Біріншіден, әлемде қалыптасқан стандартқа сай парсы тіліндегі каталогты қайта құрастыру керек. Екіншіден, парсы тіліндегі қолжазбалар негізінен медреселерде оқытылған оқулықтар қатарына жатады. Тақырыптар жағынан парсы қолжазбалары әртүрлі: поэзия, тарих, антология, биография, діни және насихат тақырыбындағы хикаялар, фикх, сөздіктер, суфизм, иман шарты, араб тілінің парсы тіліндегі оқулықтары және басы мен аяғы жоғалған ғибратқа толы әңгімелер. Демек бір кездері медреселерде тек қана діни әдебиетті емес басқа да пәндерді оқытқанын байқаймыз. Үшіншіден, медреселердің оқу бағдарламалары жан-жақты тақырыптарда сабақтар өткенін және үш тілді бірдей қолданғандығын аңғарамыз. Медресе ұстазы өзінің ана тілінен басқа кейбіреулері орта деңгейде кейбіреулері жоғары деңгейде араб және парсы тілдерін білген. Оған Ш.Уәлиханов пен сол кездегі көптеген қазақ және Орталық Азия елдерінің зиялылары мысал бола алады. Себебі үш тілді білетін ұстаздардан білім алған кейбір үшқыр ойлы шәкірттер үш тілді де қажетті дейгейде меңгеріп шыққандығын көптеген мысалдардан байқаймыз. Төртіншіден, кеңес одағы орнағанға дейін Орталық Азияның мұсылман халқы сауатсыз, білімсіз надан болған деген қасаң пікірдің қисынсыз екеніне куә боламыз. Себебі осыдан бар болғаны жүз жылдай бұрын бір емес үш тілді білген; Құран Кәрімнің тілі мен Фирдауси, Сағди, Хафиз және Низами т.б. парсы ақындарының, тарихшыларының, ғұламаларының еңбектерін еркін оқи алған адамдарды білімсіз, сауатсыз немесе надан деп айтуға болады ма деген сұрақ туындайды. Бұл сұрақтың жауабы айқын. Олай болса көптеген уақыттар бойы ана тілінен басқа әрдайым екі шет тілін білген Орталық Азия халықтарының, соның ішінде қазақтардың мәдени және рухани мұрасын көне кітаптар мен қолжазбалардың негізінде зерттеу маңызды. Олардың медреселерде не оқығанын анықтау үшін араб, парсы және түрік тілдеріндегі қолжазбалардың тарихын, мазмұнын және қолданылған аясын зерделеу қажет. Сондай-ақ әрбір еңбектің тарихына үңілу арқылы қазақ халқының жүз жыл бұрынғы мәдени және рухани өміріне жан-жақты баға беру мүмкіндігіне ие боламыз.

### Әдебиеттер

- Данилов В.Л. (2008). Из истории издания и распространения мусульманской книги в России. *Вестник Омского университета*. № 3. С. 127–146.
- Siddiqi, M (1989). Bidel, □ Abd-Al-Qader. *Iranica encyclopedia*. Vol. IV, Fasc. 3, pp. 244-246. <https://www.iranicaonline.org/articles/bidel-bedel-mirza-abd-al-qader-b>
- Розен В.Р. (1894). Записки восточного отделения Императорского русского археологического общества. Мусульманская печатная издания в России за 1893 год. Санкт Петербург: типография Императорской Академии Наук. 395 с.
- Айни. С (1954). Мирза Абдулқодири Бидил. Душанбе: Ирфон.
- Khodoyar I. (2016). Taamoli dar cheraybazgasht be Bidil dar Osiyay markazi (The reason for Bidil's return to Central Asia). *Rudaki*. №45, P.4.
- Hafiz, Sh. (2000). *Diwani Hafiz* (The collection of gazelles). Introduction and commentaries by Khatib Rahbar. Tehran: Osture. P.34.
- Hafiz, Sh. (2004). *Hafiz-nama*. Introduction and commentaries by B. Horramshahi. Vol. I-II. Tehran: Elmi va Farhangi.
- Пригарина, Н.И. (1999). Индийский стиль и его место в персидской литературе (вопросы поэтики). Москва: «Восточная литература» РАН, 1999. С. 23.
- Уәлиханов Ш.Ш. (1985). Бес томдық шығармалар жинағы (алғысөзі: Ә. Марғұлан). Т.3. Алматы: Қазақ совет энциклопедиясының бас редакциясы. 38-52 б.
- Қамбарбекова, Ф. (2014). Шоқан Уәлиханов еңбектеріндегі шығыс дереккөздері. *Қазақстан Республикасы Ұлттық Академиясының Хабарлары*, №1 (293). 59 б.
- Парсы тіліндегі кітаптардың каталогы (2011). Құрастырған: Қамбарбекова Ф.Ә., жауапты редактор Муминов Ә.К. Алматы: Полиграфиздат.
- Ғылым ордасы Ғылыми кітапхана қорындағы парсы тіліндегі кітаптардың каталогы (2015). Құрастырған: Қамбарбекова Ф.Ә., жауапты редактор Муминов Ә.К. Алматы: Ғылым ордасы.
- Каталог рукописных книг на персидском языке из собрания Национальной библиотеки РК (2008). Составители: С. Абдулло, С.М.Б. Камалиддини. Алматы: Дайк-Прес.
- Каталог литографированных книг на персидском языке в собрании Восточного отдела Научной библиотеки им. А.М.Горького ЛГУ (1989). Составитель: О.П. Щеглова. Москва: Наука.
- Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар бөліміндегі шығыстық кітаптар (1981). Құрастырған: С.Л. Сауытбеков. Алматы. 749 б.
- Safa, Z. (2008). *A history of Iranian Literature*. Vol. V. Part II. Tehran: Firdaus. P. 1379-1380

### References

- Ainy, S. (1954). *Mirza Abdulqodiri Bidil*. Dushanbe: Irfan.
- Danilov, V. L. (2008). Iz istory izdanya i rasprostroneniya musulmanskoj knigi v Rossii [From the history of publication and distribution of Muslim books in Russia]. *Vestnik Omskogo universiteta*, 3, 127–146.
- Gylym ordasy Gylymi kitapkhana qorindagi parsi tilindegi kitaptarding katalogi [Catalog of books in Persian in the collection of the Scientific Library Gylym Ordasy]. (2015). Qurastirgan: Kambarekova G.A., Jauapti Redactor: Muminov A.K. Almaty: Gylym ordasy.
- Hafiz, Sh. (2000). *The Diwan of Hafiz* [The collection of Hafiz's gazelles]. Introduction and commentaries by Khatib Rahbar. Tehran: Osture.
- Hafiz, Sh. (2004). *Hafiz-nama*. Introduction and commentaries by B. Horramshahi. Vol. I-II. Tehran: Elmi va Farhangi.
- Kambarbekova, G. A. (2014). Shoqan Ualikhanov enbekterindegi shigis derekkozderi [Eastern sources in the works of Shokan Ualikhanov]. *Qazaqstan Respublikasi Ulitti Akademiasining Xabarlari*, 1(293), 59.
- Katalog litografirivannikh knig na persdiskom yazike v sobraniy Vostochnogo otdela Nauchnoy biblioteki imeni A.M. Gorkogo LGU [Catalog of lithographed books in Persian in the collection of the Eastern Department of the Scientific Library named after A.M. Gorky Leningrad State University]. (1989). Sostavitel: O.P. Sheglova. Moskwa: Nauka.
- Katalog rukopisnikh knig na persidskom yazike iz sobronya Nachionalnoy biblioteki RK [Catalog of handwritten books in the Persian language from the collection of the National Library of the Republic of Kazakhstan]. (2008). Sostaviteli: S. Abdullo, S.M.B. Kamaliddini. Almaty: Daik Press.
- Khodoyar, I. (2016). Taamoli dar cheraybazgasht be Bidil dar Osiyay markazi [The reason for Bidil's return to Central Asia]. *Rudaki*, 45, 4.
- Parsi tilindegi kitaptarding katalogi, Qazaqstan Respublikasi Ulitti kitapxanası [Catalog of Persian books from the collection of the National Library]. (2011). Qurastirgan: Kambarekova G.A., Jauapti Redactor: Muminov A.K. Almaty: Poligrafizdat.
- Prigarina, N. I. (1999). *Indyiskaya stil i ego mesto v persidskoj literature (voprosi poetiki)* [Indian style and its place in Persian literature (issues of poetics)]. Moskva: Vostochnaya literatura RAN.
- Rozen, V. R. (1894). *Zapiski vostochnogo otdeleniya imperatorskogo russkogo arkeologicheskogo obshestva. Musulmanskaya pechatnaya izdanya v Rossii za 1893 god* [Notes of the Eastern Branch of the Imperial Russian Archaeological Society. Muslim printed publications in Russia for 1893]. Sankt Peterburg: Tipografya Imperatorskoy Akademii Nauk.
- Safa, Z. (2008). *A history of Iranian Literature*. Vol. V, Part II. Tehran: Firdaus.

Siddiqi, M. (1989). Bidel, □Abd-Al-Qader. *Iranica encyclopedia, IV(3)*, 244-246. Retrieved from <https://www.iranicaonline.org/articles/bidel-bedil-mirza-abd-al-qader-b>

Sirek kezdesetin kitaptar men qolzhazbalar bolimindegi shygystyq kitaptar [Oriental Books in Rare Books and Manuscripts]. (1981). Qurastyrgan: Sauytbekov S.L. Almaty.

Ualikhanov, Sh. Sh. (1985). *Bes tomliq shigarmalar jinagi (algisozi: A. Margulan)* [Collection of works in five volumes (foreword: A. Margulan)]. T.3. Almaty: Qazaq sovet ensyclopediasining bas redakchyasi.

**Авторлар туралы мәлімет:**

Қамбарбекова Ғалия Әмзеевна (корреспондент автор) – филология ғылымдарының кандидаты, Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының аға оқытушысы (Алматы қаласы, Қазақстан, эл. пошта: [kazalem@mail.ru](mailto:kazalem@mail.ru));

Қари Қуанышбек Аманкелдіұлы – парсы тілі мен әдебиетінің магистрі, Жошы Ұлысын зерделеу ғылыми институтының ғылыми қызметкері (Астана қаласы, Қазақстан, эл. пошта: [tourantau@gmail.com](mailto:tourantau@gmail.com))

**Information about authors:**

Kambarbekova Galiya Amzeevna (corresponding author) – candidate of philological sciences, senior lecturer of the Middle East and South Asia Department Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: [kazalem@mail.ru](mailto:kazalem@mail.ru));

Kari Kuanyshbek Amankeldiuly – master of Persian language and literature, research fellow of the Scientific Institute for the Study of the Zhosy Uliisy (Astana, Kazakhstan, e-mail: [tourantau@gmail.com](mailto:tourantau@gmail.com))

Келіп түсті 18 ақпан 2024 жыл  
Қабылданды 20 қараша 2024 жыл